

12. Tusubekova K., Kalmuhanbetova S., Tusubekova A., Abişeva J. Emosionaldyintelekt jäne тұрақтылықтың jetistikke jetu motivasiyasındaғы рөлі //Vestnik. Seria «Psihologia». – 2021. – Т. 67. – №. 2. DOI: 10.51889/2021-2.1728-7847.06
13. Sardarova Z., Autaeva A., Rsaldinova A., Kemeshova A. Emosionalnyi intellekt kak osnovnoi pokazatelgotovnosti sovremennyh pedagogov k profesionalnoi deiatelnosti v usloviahsifrovizatsii i inklüzivnogo obrazovaniа //Vestnik KazNU. Seria pedagogicheskaiа.– 2021. – Т. 67. – №. 2. – S. 28-37. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.04>
14. Zhoraeva G.B., Uaisova G.I., Zhorabekova A.N. Interaktivti mültimedialyq tehnologialar bastauyş synyp oquşylarynyñemosionaldy intellektünin damytudyñ qūraly retinde //Bulletin of the Karagandauniversity Pedagogy series. – 2024. – Т. 11429. – №. 2. – S. 174-181. DOI: <https://doi.org/10.31489/2024ped2/174-181>
15. Lukacheva, M. A. ServisWordwall v obrazovatelnom prosese / M. A. Lukacheva, D. M. Bogacheva, İ. D.Borisova. — Teks : neposredstvennyi // Molodoi uchenyi. — 2022. — № 20 (415). —S. 594-598. — URL: <https://moluch.ru/archive/415/91903/>
16. Goleman D. Emotional intelligence: Issues in paradigm building //The emotionally intelligent workplace. – 2001. – Т. 13. – P. 26.
17. Papoutsi C. et al. “The Park of Emotions”: A Serious Game for the Development of Emotional Intelligence in Children //Applied Sciences. – 2024. – Т. 14. – №. 14. – S. 6067. <https://doi.org/10.3390/app14146067>
18. Romero M., Usart M., Ott M. Can serious games contribute to developing and sustaining 21st century skills? //Games and culture. – 2015. – Т. 10. – №. 2. – C. 148-177. <https://doi.org/10.1177/1555412014548919>
19. McGregor C., Bonnis B. Big data analytics for resilience assessment and development in tactical training serious games //2016 IEEE 29th international symposium on computer-based medical systems (CBMS). – IEEE, 2016. – C. 158-162. <https://ieeexplore.ieee.org/abstract/document/7545976>
20. Garris R., Ahlers R., Driskell J. E. Games, motivation, and learning: A research and practice model //Simulation & gaming. – 2002. – Т. 33. – №. 4. – C. 441-467. <https://doi.org/10.1177/1046878102238607>

МРНТИ 14.35.05

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.034>

A.F.Аралбаева, ^{1*}  Б.Т.Сурабалдиева ² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
²М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕДИА САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылығын қалыптастыру мәселесі жайлы баяндалады. Бастауыш сынып оқушыларның медиа сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі даусыз, өйткені бұл заман талабы болып табылады, сонымен қатар бұл қазіргі заманауи білім беру ортасында табысты оқытуға мүмкіндік беретін, тұлғаның цифрлық қоғамда әлеуметтенуінің маңызды факторы. Медиа білім беру ортасында бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығын ашып көрсетеді.

Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде, «Медиа», «медиа сауаттылық», «медиа білім беру ортасы» ұғымдарының мәні ашылады. Медиа білім беру ортасын, қауіпсіздікті, медиа құралдарын қолданудың нысаналы мақсатын және басқа салаларды пайдалану кезінде оқушылардың дербестік дәрежесін анықтау мақсатында бастауыш сынып оқушыларынан, сауалнама алынып, нәтижелеріне талдаулар мен тұжырымдар жасалады. Зерттеушілердің пікірлері мен сауалнамалардың нәтижелеріне жасалған талдаулар негізінде жасалған қортындылары бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылығындағы ең негізгі және аса қажетті бейімділіктерді нақтылап алуға мүмкіндік береді.

Түйіндей келе, бастауыш сынып бастап оқушыларының медиа сауаттылығын қалыптастыру бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізу қажет. Бұл ретте педагогтар мен ата-аналардың тараптарынан біржүйелілік, кешенділік және цифрлық бейімділіктерді алу, әсіресе медиа қауіпсіздік дағдыларына үйрену үдерісіне жетілдіру керек деп қорытамыз.

Түйін сөздер: медиа сауаттылық, медиа білім, медиа қауіпсіздік, бастауыш сынып оқушысы, ақпарат.

Аралбаева А.Г., ^{1*}  Сурабалдиева Б.Т. ² 

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казакстан

²Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казакстан

ФОРМИРОВАНИЕ МЕДИАГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В статье рассказывается о проблеме формирования медиаграмотности младших школьников. Важность и необходимость формирования медиаграмотности младших школьников неоспоримы, поскольку это требование времени, а также является важным фактором социализации личности в цифровом обществе, что позволяет успешно преподавать в современной образовательной среде. Раскрывает важность формирования медиаграмотности младших школьников в среде медиаобразования.

На основе анализа исследований казахстанских и зарубежных ученых раскрывается сущность понятий «Медиа», «медиаграмотность», «медиа образовательная среда». С целью определения степени самостоятельности учащихся при использовании Медиа образовательной среды, безопасности, целевого назначения использования медиа средств и других сфер, у учащихся начальных классов проводится опрос, анализ и выводы по результатам. Выводы, составленные на основе мнений исследователей и анализа результатов анкетирования, позволяют уточнить самые основные и наиболее востребованные склонности в медиаграмотности младших школьников.

Подводя итог, необходимо систематически проводить работу по нормализации медиаграмотности учащихся начальных классов. При этом мы заключаем, что необходимо совершенствовать процесс получения единообразия, комплексности и цифровых склонностей со стороны педагогов и родителей, особенно в обучении навыкам медиа безопасности.

Ключевые слова: медиаграмотность, медиаобразование, медиа-безопасность, ученик начальной школы, информация.

Aralbayeva A., ^{1*}  Surabaldiyeva B. ² 

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan

FORMATION OF MEDIA LITERACY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Abstract

The article describes the problem of media literacy formation in elementary school students. The importance and necessity of developing media literacy in younger schoolchildren is undeniable, since it is a requirement of time, and is also an important factor in the socialization of a person in a digital society, which makes it possible to successfully teach in a modern educational environment. Reveals the importance of the formation of media literacy of younger schoolchildren in the environment of media education.

Based on the analysis of research by Kazakhstani and foreign scientists, the essence of the concepts of "Media", "media literacy", and "media educational environment" is revealed. In order to determine the degree of students' independence in using the Media educational environment, safety, the intended use of media tools and other areas, primary school students are interviewed, analyzed and drawn from the results. The conclusions drawn up on the basis of the opinions of researchers and the analysis of the survey results make it possible to clarify the most basic and most sought-after inclinations in the media literacy of younger schoolchildren.

To summarize, it is necessary to systematically work to normalize the media literacy of primary school students. At the same time, we conclude that it is necessary to improve the process of obtaining uniformity, complexity and digital inclinations on the part of teachers and parents, especially in teaching media security skills.

Keywords: media literacy, media education, media security, primary school students, information.

Кіріспе. Қазіргі қоғамда цифрлық технологиясыз өмір сүру мүмкін емес болып, адамзаттың маңызды, әдеттегі бөлінбес бір бөлшегіне айналғаны белгілі. Адам өміріне ақпараттық технологиялардың келуі, ақпараттардың өте жылдам таралуынан қоғамда едәуір өзгерістер орын алуда. Технологияның үздіксіз дамуымен бірге ақпараттарды алмасу, бөлісу, жариялау т.б көптеген мүмкіндіктер пайда болуда. Цифрлық – коммуникациялық техно-

логияларға оңай әрі жеңіл қол жеткізудің арқасында адамдар ақпаратты тек қабылдаушы ғана емес, сонымен қатар ақпаратты таратушы мүмкіндігіне ие болып отыр.

Бүгінгі таңда ақпараттық және коммуникациялық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Медиасауатты болу үшін ақпаратпен және цифрлық құралдармен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын меңгеру қажет. Жаңа технологиялардың ықпалы коммуникация үдерісін және адамдардың мінез-құлқын едәуір өзгертті. Қазіргі таңда кез келген адам бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде контент жасауға белсенді түрде қатыса алады – өзіндік ақпарат жазып, интернетке жариялау мүмкіндігі бар. Бүгінгі күні ең маңызды ақпарат көзі – жаһандық желі, ол ақпарат алмасудың басты платформасына айналды.

Қазіргі демократиялық қоғамда медиа құралдарының қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлі айтарлықтай үлкен. Коммуникация жүйелері азаматтарға елде және әлемде болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат жеткізуде маңызды қызмет атқарады.

Бүгінде сауаттылық тек оқу, жазу және есептеу дағдыларымен шектелмейді. Ақпарат үздіксіз әртүрлі медиа құралдар мен ақпараттық арналар арқылы таралады, сондықтан оқушыларға оны талдау, тиімді пайдалану және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту маңызды. Бұл мақсатқа жету үшін медиа сауаттылық дағдыларын жетілдіру маңызды.

Медианы сын тұрғысынан қабылдау және медиа қауіпсіздік қағидаларын меңгеру оқушыларға ақпаратпен дұрыс жұмыс істеуге, оны саралап, объективті бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылығын қалыптастыру білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып саналады. Қазіргі уақытта ақпараттық жүйелер үнемі өзгеріске ұшырап, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат тарату дәстүрлі моделінен жаңа медиа форматтарына өтуде. Бұрын есептегіш машиналар, компьютерлер, интернет, электронды пошта мен факс маңызды жаңалық ретінде қабылданса, бүгінде ақпарат алмасу жаңа деңгейге көтеріліп, тарату тәсілдері күрделі әрі сан алуан бола бастады.

Демек, қазіргі талаптардың және мектеп оқушыларының қазіргі буынының ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан Республикасының бастауыш жалпы білім беру мемлекеттік стандартында: «Бастауыш мектепте ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың цифрлық сауаттылық бейімділіктерін, сондай-ақ әлеуметтегі қауіпсіз мінез-құлық бейімділіктерін алуы» деп көрсеткен [1].

Медиа білімнің теориясы мен әдістерін көрсеткен батыс терминологиясының қалыптасуына әсер етуші британдық ғалым Л.Мастерман - медиабілім берудің мақсаты сыни ойлауды тәрбиелеуде ғана емес, сонымен қатар ол «сыни автономия» деп түйіндеген [5].

Жоғарыда көрсеткен мәліметтерді талдай келе, зерттеген ғалымдарға тоқталар болса, ресей және шетелдік ғалымдардың негіздеуімен О.А.Баранова, Л.С.Зазнобиной, С.Н.Пензина, Г.А.Поличко, А.В.Спичкина, А.В.Федоров, Ю.Н.Усова, А.В.Шарикова, Н.Ф.Хилько, К.Бэзэлгэт, Бондаренко Е.А., К.Ворснопа, Л.Мастермана, А.Силверблэта, Э.Харта және т.б. зерттеген [6].

Елімізде Л.С.Ахметова, А.Веревкин, А.Ш.Баймультидинова МА.Э.Баймухамбетов З.Маханова, Қ.Ө.Есенова, Е.Ж.Масанов, П.Б.Сейтқазы, А.А.Ташетов және Ә.К.Әдіркенова, Г.С.Таженова еңбектерінде қарастырылған.

Сондай ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының бастауыш сынып оқушыларына әсері жайлы А.Э. Сулейменова, С.К. Шайхитдинова еңбектерінде баяндалады.

Негізгі ережелер. Бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылығын дамыту бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің біріне айналды. Осы дағдыларды меңгеру қазіргі білім беру ортасында тиімді оқу процесін ұйымдастыруға, цифрлық қоғамда оқушының әлеуметтенуіне ықпал етуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. «Медиа» «медиалық білім» «медиа сауаттылық» ұғымдарының тарихына тоқталар болсақ, "Медиа білім беру" термині салыстырмалы түрде жаңа

ұғым, 1986 жылы КСРО ның ғылыми жарияланымдарында алғаш рет қарастырылып, Ал батыс елдерде және АҚШ да 1960 жылдарда таныла бастаған [2].

20 ғасырдың 90-жылдарынан бастап Австралия мен Канада орта мектептерге медиа білім беру бірінші сыныппен он екінші сынып аралығында енгізілді және бұл оқытудың міндетті элементіне айналды. ЮНЕСКО конференцияларында оқу жоспарлары мен факультативтер шеңберінде медиа білім беруді енгізу және дамыту бойынша бірнеше рет ұсыныстар жасалды.

«Медиа» термині (латын тілінде «media», «medium» – құрал, тасымалдаушы) деген мағынаны береді. Оған қазіргі таңда баспа, суреттер, радио, кинематография, теледидар, видео, компьютерлік мультимедиялық жүйелер, сонымен қатар интернет желісі, бұқаралық ақпарат және т.б. жатқызуға болады. Бұл термин көбіне медиа саласының мамандарын даярлауда қолданылады, сондай-ақ адамдардың ақпараттық сауаттылығын арттыруда кеңінен қолданылып жүр [3].


Британдық медиапедагог К.Базальгетт медиабілімнің келесідей алты ұғымын қарастырды; Олар: "(media agency)" медиа ақпараттың дереккөзі- агенттік-медиа, "(media Category)" медиа санаты, "(media technology)" медиа технологиясы", "(media language)", "медиа тілі" (media audience)" медиа аудиториясы", "(media representation)" медиа өкілдік.

Медиа білім беру саласының жетекші маманы Ю.Н.Усов медиалық білім беру жеке тұлғаны бұқаралық коммуникация құралдарының және материалдардың көмегімен дамыту процесі деп көрсеткен[4].

Көптеген ағылшын тілді елдерде «медиабілім» термині (media literacy) «медиа сауаттылық» сөзімен ауыстырылып қолданылады. Алайда, франкофондық яғни фрнкотілді (Франция, Бельгия, Швейцария, Конго т.б.) елдерде (l'education aux medias - медиабілім) қолданылса, испан тілді мемлекеттерде (education para los medios – медиабілім) және неміс тілді елдерде (medienpädagogic – медиапедагогика) қолдауылады.

Нәтижелер мен талқылау. Мектепте бастауыш сынып оқушыларының медиа білім ортасын пайдалану кезіндегі дербестігін, қауіпсіздігін және цифрлық технологияларды қолдану деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді. Осы зерттеу аясында 2-сыныптың 54 оқушысы арасында сауалнама өткізілді.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері 1 және 2-суреттерде көрсетілген.




Сурет 1 - Бастауыш сынып оқушыларының медиа білімді пайдалану

Сауалнама нәтижелерін талдай отырып, барлық қатысушылардың цифрлық технологияларды негізінен бейне көру, ойын ойнау, қарым-қатынас жасау және музыка тыңдау үшін пайдаланатыны анықталды. Сонымен қатар, оқушылардың үштен бірі ғана оларды оқу мақсатында, яғни үй тапсырмаларын орындау, сабаққа дайындалу және ақпарат

іздеу үшін қолданатыны байқалды. Тек аз бөлігі ғана медиа білімді өз бетінше білім алу (мысалы, тіл үйрену, сурет салу дағдыларын дамыту) үшін пайдаланады.

2-суреттегі мәліметтерге сәйкес, оқушылардың көпшілігі Интернетті, гаджеттерді және мобильді қосымшаларды өз бетімен, жүйесіз қолданады. Ал қалған бөлігі оларды отбасы мүшелерінің көмегімен меңгерген немесе меңгеру процесінде. Сауалнама қорытындысы көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының тек 12%-ында ғана гаджеттерге ата-аналық бақылау орнатылған.



Сурет 2 – Медиа білімді пайдаланудағы дербестік және қауіпсіздік

Сауалнама нәтижелерін саралай келе, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық ортадағы қауіпсіздігі жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген, ал медиа сауаттылық дағдыларын меңгергендер саны өте аз деп айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері мен ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, бастауыш сынып оқушылары үшін ең маңызды және қажетті медиа сауаттылық дағдыларын нақтылауға мүмкіндік туады [8]. Оларға мыналар жатады:

Ақпаратты түсіну және оны тиімді пайдалану – цифрлық контентпен жұмыс істей білу. Медиа дереккөздерді талдау, жүйелеу және бағалау – ақпараттың шынайылығын тексеру. Медиа құралдарын қолдана отырып, ақпарат жасау – гаджеттерді оқу процесінде тиімді пайдалану. Коммуникация дағдылары – цифрлық кеңістікте, әлеуметтік желілерде дұрыс қарым-қатынас орнату. Медиа қауіпсіздік негіздері – ақпараттық технологияларды қауіпсіз қолдану [9].

Баспасөз, теле және радиобағдарламалар, кинофильмдер, интернеттегі ақпаратты сараптап, сыни тұрғыдан бағалай білуі қажет. Коммуникация құралдарындағы хабарламалардың мақсаттары мен себептерін түсініп, сенімді ақпаратты таңдай алуы тиіс. Ақпараттық технологияларды саналы әрі тиімді қолдана білуі керек. Өртүрлі форматта ақпараттық материал дайындау қабілеті болуы қажет. Бұқаралық ақпарат құралдары мен медианың рөлін бағалап, олардың ықтимал қауіптерін түсіне білуі керек [11].

Бастауыш сынып оқушыларына цифрлық сауаттылық пен медиа қауіпсіздікті меңгеру маңызды, өйткені бұл олардың ақпараттық кеңістікте дұрыс бағдар алуына көмектеседі. Медиа сауаттылықтың негізгі дағдыларын дамыту оқушылардың ақпаратты сын тұрғысынан талдауына, шынайылықты бағалай білуіне және қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғамдағы ақпараттандырудың жаһандық үдерісі білім беру саласына бірқатар жаңа міндеттер жүктеп отыр. Бұл мәселені шешудің негізгі жолы - ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану. Мұғалімдерден білімдерін жетілдіру, сондай-ақ ақпараттық және коммуникациялық технологияларды белгілі бір деңгейде меңгеру талап етіледі. Оқушылардың интеллектуалды, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін

педагогтердің уақыт талабына сай жаңа дағдыларды игеруі және білімін жетілдіруі аса маңызды [12].

Қазіргі заманғы медиа құралдары адамның қоршаған ортаны тануы мен ақпаратты игеруіне маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында мультимедиялық, интерактивті және коммуникативті технологиялар оқыту процесінің тиімділігін арттыруда.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқу үдерісін жекелендіруге және жетілдіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ медианың әсерімен оқыту әдістері мен мазмұны айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Электронды медиа материалдар ақпаратты түсіну, меңгеру және есте сақтау процесін жақсартады, сонымен қатар оқушылардың танымын кеңейтіп, тәрбиелік ықпалын күшейтеді.

Оқу-тәрбие үдерісінде электронды медианы қолданудың психолого - педагогикалық ерекшеліктерін ескеру білім беру жүйесін жетілдіру үшін аса маңызды. Бұл ерекшеліктерді түсіну мұғалімдерге оқу процесін ақпараттық әлемдегі өзгерістерге сәйкес құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, педагогтер туындаған мәселелерді нақты әрі тиімді шешуін қамтамасыз етіп, жеке кәсіби біліктілігін арттыруда медианың мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алады [13].

Көптеген мұғалімдер медианы негізінен көрнекілік құралы ретінде пайдаланады, алайда оның дидактикалық және тәрбиелік мүмкіндіктерін толыққанды меңгере бермейді. Қазіргі заман педагогтарын мақсатты түрде даярлау қажет. Бұл үдеріс ақпаратты қабылдау дағдыларын жетілдіру, визуалды бейнелерді вербалды түрде сипаттау қабілетін дамыту, сондай-ақ мазмұндық ерекшеліктерді түсініп, оларды іс жүзінде қолдану қажеттілігін қамтиды. Осының барлығы мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін арттыруға, сондай-ақ ақпаратпен жұмыс істеу еркіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Медиатехнологиялар саласындағы құзыреттілік: Әртүрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды меңгеруді қамтиды. Медиабілім берудің жеке траекториясын құру және іске асыру дағдыларын қалыптастырады [14].

Педагогтердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру міндеттеріне мыналар жатады:

✓ медиамәтіндерді (медиа ақпарат) сараптау, түсіндіру және әртүрлі әдістермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, сондай-ақ медиа өнімдер жасауға үйрету.

✓ медиа хабарламалардың ақпараттық мазмұнын талдау, мәнін түсіну, қабылдау және объективті бағалау қабілетін жетілдіру.

✓ коммуникативтік дағдыларды дамыту, соның ішінде вербалды және вербалды емес қарым-қатынас әдістерін меңгеру.

✓ сыни ойлау қабілетін күшейту, ақпараттың нақтылығы мен сапасын бағалау дағдысын қалыптастыру.

✓ медиакұралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды шығармашылық тұрғыда қолдану, жеке көзқарасты еркін білдіру мүмкіндігін кеңейту.

Бүгінде педагогтерден ақпараттық мәдениетті меңгеру талап етіледі. Оның негізі – ақпараттық орта заңдарын білу, сондай-ақ ақпарат ағымында дұрыс бағдар алу қабілеті.

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімдерге қойылатын негізгі талаптар: Заманауи мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктерін меңгеру. Электронды тақта және басқа да кеңсе жабдықтарын пайдалану. Көрнекілік құралдарын, сайт жасау әдістерін игеру. Оқытуда цифрлық ресурстарды сауатты қолдану. Сабәкқә қосымша электронды презентациялар әзірлей білу. Интернет желісіндегі білім беру ресурстары туралы хабардар болу Қазіргі заманғы мұғалімдерге ақпараттық әлемдегі өзгерістерге бейімделу және тиімді білім беру технологияларын қолдану маңызды[15].

Яғни, бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларға медиа білім ортасын құру Оқушылардың өзара қарым-қатынасын және кері байланысын қамтамасыз ету маңызды, әсіресе арнайы чаттар арқылы. Мұндай платформаларда олар қызықтыратын сұрақтарын мұғалімдерге немесе сыныптастарына жолдап, қажетті көмекті ала алады. Медиа сауаттылықтың жоғары деңгейі бастауыш сынып оқушыларының бастамашылдығын, дербестігін және

танымдық белсенділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдердің жұмыс мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Бұл жағдайда мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік өзара әрекеттестік нығаяды. Бастауыш сынып оқушылары үшін медиа сауаттылық тек мектептегі оқу үдерісінде ғана емес, сондай-ақ күнделікті өмірде де тиімді нәтиже беруге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларына медиа сауаттылық дағдыларын қалыптастыру – мұғалімдер үшін ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Оқушылардың ақпараттық кеңістікте дұрыс бағдар алуына көмектесу, сондай-ақ сыни ойлау қабілеттерін дамыту олардың медиа қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ақпаратты саналы түрде қабылдауын жетілдіруге мүмкіндік береді, медиа сауаттылық және медиа қауіпсіздік негіздерін дұрыс қалыптастыру маңызды.

Бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылық деңгейі оқу сапасына және білім алу мүмкіндіктерінің кеңеюіне тікелей әсер етеді. Егер заманауи ақпараттық құралдарды жан-жақты зерттеп, жүйелі түрде оқу және тәрбие үдерісіне енгізсек, онда оқушылар медиа кеңістікте өз бетінше бағыт табатын, еркін ойлайтын, шығармашылық қабілеті дамыған, тәуелсіз тұлғалар болып қалыптасады.

Қорыта келе, бастауыш сынып бастап оқушыларының медиа сауаттылығын қалыптастыру бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізу міндетті. Бұл жағдайда педагогтар мен ата-аналар тарапынан жүйелі әрі кешенді тәсіл қажет, әсіресе цифрлық дағдыларды меңгеру және медиа қауіпсіздік негіздерін үйрену үдерісінде жетілдіру керек деп түйіндейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Бастауыш білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты.* – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>. [Қаралған күні: 12.04.2023].
2. Masterman L.A. *Rational for Media Education.* In: *Media Literacy in the Information Age.* New Brunswick (U.S.A.) and London (U.K.): Transaction Publishers, - 2007: 15-68 p.
3. Федоров А.В. *Медиаобразование: вчера и сегодня: монография* - М.: Изд-во МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех». - 2009. – 234 с.
4. Усов Ю.Н., Шибкова Д. З., Айзман Р. И., *Science for Education Today*, 2019, Т. 9, - № 5, - 48–70 с., DOI: <http://dx.doi.org/10.15293/2658-6762.1905.04>
5. Мастерман Л.В. *Медиаобразование: мировой и отечественный опыт : монография* – М.: Изд-во Академии педагогических наук, 2022. – 66 с.
6. Бондаренко Е.А. *Аудиовизуальное образование: учебное пособие* – М.: Изд-во Академии педагогических наук - 2001, - 190 с.
7. Чельшева И.В., Мuryюкина Е.В. *Развитие медиакомпетентности: работа со студентами и преподавателями вузов: монография* – Таганрог: Изд-во Таганрог. ин-та имени А.П.Чехова, 2014. – 226 с.
8. Сулейменова А.Э. *Необходимость интегрирования медиаобразования в школьную программу в Казахстане. Знак: проблемное поле медиаобразования.* - 2017. - С. 234-238. <https://cyberleninka.ru/article/n/neobhodimost-integrirvaniya-mediaobrazovaniya-v-shkolnuyu-programmu-v-kazakhstan>
9. Шайхитдинова С.К. *Медиакультура - культура медиа [Электронный ресурс] // Медиа. Информация. Коммуникация.* -№3.-2012.–URL:<http://mic.org.ru/index.php/new/133-mediakultura-kultura-media>.
10. Кузьмина Н.В., Жаринова Е.Н. *Методы исследования образовательных систем: монография / Российская академия образования, Ленинградский государственный университет им. А.С.Пушкина [и др.].* - Санкт-Петербург : Изд-во НУ "Центр стратегических исследований", - 2018.- 162 с.
11. Алексахин И.Ю., Абдулаева О.А., Киселев Ю.П. *Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся: учебное пособие.* – Санкт - Петербург: Каро, - 2019. - 160 с.
12. Гутевич В.А. *Технология медиаобразования в обучении младших школьников. // Молодой ученый.* - 2017. - № 3 (137.1). - С. 53-54.
13. Быкадорова А.С. *Медиабезопасность как актуальное направление медиаобразовательной деятельности. // Знак: проблемное поле медиаобразования.* - 2017. -№ 4 (26). - С. 53–57.
14. *Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(85), 2025 ж.*
14. Фролова Т.И. *Медиаграмотность школьников в оценке учителей и родителей: результаты исследования // Вестник Московского университета. Журналистика.* -2017. - № 4. -С. 58–77.
15. Баландина М.А. *Медиаграмотность в развитии образовательной среды в условиях дистанционного обучения.* https://kpfu.ru/portal/ias_utils.file_download?p_table_id=4&p_file=F_81084492/35_6_.VI.Virt..Mezhdunar..forum.po.ped..obraz..Blok_12.08.20_.pdf

References:

1. *Bastayysh bilim berýdiñ memleketik bilim berý standarty.* – Kirý rejimi: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>. [Qaralǵan kúni: 12.04.2023].
2. Masterman L.A. *Rational for Media Education.* In: *Media Literacy in the Information Age.* New Brunswick (U.S.A.) and London (U.K.): Transaction Publishers, - 2007, 15-68 p.
3. Fedorov A.V. *Mediaobrazovanie: vchera i segodnya: monografiya* - M.: Izd-vo MOO VPP YUNESKO «Informaciya dlya vsekh». - 2009. - S. 234.
4. Ýsov Iý.N., Shibkova D. Z., Aızman R. I., *Science for Education Today*, 2019, T. 9, - № 5, - B. 48-70, DOI: <http://dx.doi.org/10.15293/2658-6762.1905.04>
5. Masterman L. v. *Media bilim: Álemdik jáne otandyq tájiribe: monografiya*-M.: Pedagogika Ğylymdary Akademiasynyń basylymy, 2022. - 66 b.
6. Bondarenko, E.A. *Audiovizual'noe obrazovanie: uchebnoe posobie [Tekst]* – M .: Izd-vo Akademii pedagogicheskikh nauk - 2001, - 190 s.
7. Chelysheva I.V., Mýrúkina E. V. *media quzyrettilikti damytý: joǵary oqý oryndarynyń stýdentterimen jáne oqytýshylarymen jumys: monografiya* – Taganrog: Taganrog baspasy. a. p. Chegov atyndaǵy Int, 2014. – 226 B.
8. Sulejmenova A.E. *Neobhodimost' integrirvaniya mediaobrazovaniya v shkol'nuyu programmu v Kazahstane.* Znak: *problemnoe pole mediaobrazovaniya.* - 2017. - S. 234-238. <https://cyberleninka.ru/article/n/neobhodimost-integrirvaniya-mediaobrazovaniya-v-shkolnuyu-programmu-v-kazahstane>
9. Shajhitdinova, S. K. *Mediakul'tura - kul'tura media [Elektronnyj resurs] // Media. Informaciya. Kommunikaciya.* - № 3. - 2012. – URL: <http://mic.org.ru/index.php/new/133-mediakultura-kultura-media>
10. Kuz'mina N.V., ZHarinova E. N. *Metody issledovaniya obrazovatel'nyh sistem: monografiya / Rossijskaya akademiya obrazovaniya, Leningradskij gosudarstvennyj universitet im. A. S. Pushkina [i dr.] [Tekst].* - Sankt-Peterburg : Izd-vo NU "Centr strategicheskikh issledovaniy", - 2018.- 162 s.
11. Aleksashina I.YU., Abdulaeva O.A., Kiselev YU.P. *Formirovanie i ocenka funkcional'noj gramotnosti uchashchihsya [Formation and evaluation of functional literacy of students].* – Yekaterinburg: Karo, -2019. - 160 p.
12. Gutevich V.A. *Tekhnologiya mediaobrazovaniya v obuchenii mladshih shkol'nikov [Technology of media education in the teaching of primary school children] // Molodoj uchenyj.* - 2017. - № 3. (137.1). - S. 53-54.
13. Bykadorova A.S. *Mediabezopasnost' kak aktual'noe napravlenie mediaobrazovatel'noj deyatel'nosti [Media security as an actual direction of media educational activity] // Znak: problemnoe pole mediaobrazovaniya.* - 2017. - № 4 (26). - Pp. 53–57.
14. Frolova T.I. *Mediagramotnost' shkol'nikov v ocenke uchitelej i roditelej: rezul'taty issledovaniya [Media literacy of schoolchildren in the assessment of teachers and parents: research results] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 10. ZHurnalistika.* - 2017. - № 4. - Pp S. 58–77.
15. Balandina M.A. *Mediagramotnost' v razvitii obrazovatel'nyj sredy v usloviyah distancionnogo obucheniya [Media literacy in the development of the educational environment in the conditions of distance learning].*https://kpfu.ru/portal/ias_utils.file_download?p_table_id=4&p_file=F_81084492/35_6_..VI.Virt..Mezhdunar_..forum.po.ped..obraz.._Blok_12.08.20_.pdf